



Magjan zhuldyzy

6+

Магжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 10 (809) 7 наурыз 2024 жыл

f www.facebook.com/Magzhan zhuldizi

vk https://vk.com/Magzhan zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

Әұрметті солтүстікқазақстандықтар!



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

Сіздерді көктемнің әсем мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Көктемнің алғашқы күндерімен қатарласа келетін бұл мереке терең мағынаға ие. Мейірімділік, сүйспеншілік, нәзіктік пен сұлулықтың нышаны, жалпы өмірдің өзі нәзік жандардан бастау алады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттік жастар кадрлық резервінің форумында сөйлеген сөзінде мемлекеттік қызметтегі әйелдер санын көбейтуді алға тартты, өйткені олар «жұмысқа аса мұқият» әрі өз міндеттеріне аса жауапкершілік танытады деген пікірін білдірді.

«Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді», – деген аталы сөз бар.

Жаңы нәзік болса да, жігері мықты, қамқоршыл әйелдер – шаңырақтың тірегі, ер адаммен қатар еңбектеп жүр. Бүгінде сіздер басқа да көптеген әлеуметтік рөлдерге ие болдыңыздар. 21 ғасырда кәсіби қызметкерлер, табысты іскер әйелдер, меце-

наттар және қоғам қайраткерлері ретінде қоғамның дамуына үлес қосып келесіздер. Сонымен қатар, әрқашан сүйкімді және тартымды болып, сұлу бейнелеріңізді ешқашан жоғалтқан емессіздер.

Сіздер қажырлы еңбек, белсенді өмірлік ұстаным және іске жауапкершіліктің арқасында өңіріміз биік белестерден көрінуде.

Құрметті әйелдер! Бойларыңыздағы жігер, даналық пен сүйспеншілік еселенген сайын сіздермен бірге ең жоғары жетістіктерге жететінімізге сенімдімін.

Сіздерді осы тамаша мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Жанарларыңыз қашанда қуаныш пен бақытқа толып, еңбекте және өмірде жолдарыңыз ақ және сәтті болуына, отбасыларыңыз бен жақындарыңыздың сүйспеншілігі мен назарында жүрулеріңізге тілектеспін!

Ғайез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының өкімі

Әұылбатты магжандықтар!

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар! Сіздер сүйспеншіліктің, сұлулық пен нәзіктіктің бейнесісіздер, жақындарыңызды жылулық пен қамқорлықпен қоршап, ошақтың жайлылығы мен отбасылық үйлесімділік жасайсыздар.

Біздің мемлекет әйелдердің құқықтарын қорғауға және олардың әлеуетін толыққанды іске асыру үшін жағдай жасауға басымдық береді. Мемлекеттің жүйелі қолдауының арқасында әйелдердің экономикаға, саясатқа, қоғамдық қызметке қатысуы дәйекті түрде кеңейіп келеді.

Сіз отбасылық ошақты сақтап, балаларды тәрбиелеп қана қоймай, сонымен қатар кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында табысқа жетіп

жүрсіздер, туған өлкенің дамуы мен өркендеуіне, қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға баға жетпес үлес қосып келесіздер.

Аяулы әйелдер! Сіздерді осы тамаша мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің көздеріңіз әрқашан қуаныш пен бақыттан жарқырап тұруын тілеймін, жұмыста және өмірде Сіздерді тек жақсылық пен сәттілік, ал үйде – жақындарыңыздың сүйспеншілігі мен назары күтіп тұрсын. Сіздердің отбасыларыңызға мықты денсаулық, мерекелік көңіл-күй, бейбітшілік пен амандық тілеймін! Мереке құтты болсын, қымбатты әйелдер!

Қайрат ОМАРОВ,
аудан өкімі..

МЕРЕКЕ МӘЗЕТІ



Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, сондай-ақ оның жасаған ізгі істеріне жоғары баға беріп, ризашылық білдіруі.

Атадан балаға мұра болып келе жатқан ұмытылмас мерекелерінің бірі – Алғыс айту күні. Бұл күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпэтносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні болып табылады. «Алғыс айту күні» – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейірімділік пен ақкөңілдік, қолда бармен белісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні.

Көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін бұл мереке 2016 жылдан бері тойланып келеді. Сол жылы алғыс айту күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды өлімізде «Алғыс айту күні» деп жариялап, №173 Жарлығымен елдегі мерекелер тізіміне енгізілген болатын.

Көктем айының алғашқы күні ауданымыздағы аудандық тарихи-өлкетану мұражайында «Ризашылық шекараны білмейді» тақырыбында алғыс айту күніне

АЛҒЫС АЙТУ - АСЫЛ ҚАСИЕТ

орай іс-шара ұйымдастырылды.

Айтулы шараға «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов, аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің басшысы Серік Жұмағұлов, «Мақсат» этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі Мейрам Рысбаев, славяндық этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі Людмила Ессе, татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің жетекшісі Рустам Низамов, жастар ресурстық орталығының директоры Мария Галайдына қатысты.

Алғаш болып сөз тізгінін алған Төлеген Әлжанұлы ауданымыздың көркеюі мен гүлденуіне бірден-бір себепші болып отырған Бұлаев қаласында еңбек етіп жатқан абадан-тандыру бойынша жұмысшыларға шынайы алғысын жеткізді.

Ардақты ағайын, құрметті жерлестер! Сіздерді келіп жеткен 1 наурыз – Алғыс айту күнімен құттықтаймын!

Алғыс айту күні ел алдымен өлімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің

орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні.

Бұл мереке тағдыр төлкегімен Қазақстан жеріне қоныс аударған түрлі этнос өкілдерінің құтты қонысына айналып қасиетті қазақ жері мен қонақжай халқына деген терең тағзымының белгісі болса керек.

1 наурыз – Алғыс айту күні түрлі ұлт өкілдерінің алғысындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды. Сондай-ақ бұл күн ел бірлігін бекемдеумен қатар, тұғырлы татулығымыз бен ырысты ынтымағымызды жаңа белеске жетелейді.

Құрметті біздің ауданымыздың гүлденуі мен дамуына үлес қосушылар! Сіздерді көктемнің алғашқы және алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің арқаларыңызда қаламыз дамып, әрқашанда биік белестерден көрінуде. Алдағы уақытта бәріңізге мықты денсаулық, қажымас қайрат пен күш-жігер тілеймін! Еңбектеріңіздің табысын көре беріңіздер, - деп ыстық ықыласын білдірді.

Кездесуге жиналған қонақтар да ортаға шығып, қоғамдық жұмыстарда істейтін жандарға алғысын білдірді. «Мақсат» этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі Мейрам Рысбаев және аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Сандуғаш Бекішевә өздерінің ұжымдары атынан абадан-тандыру бойынша жұмысшыларға азын-аулақ сыйлықтарын табыс етіп, концерттік бағдарламаны тамашалауға шақырды.

Айта кету керек, бұл күні аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары бұл шараға құр алақан келмей, өздерінің өнерлерін ортаға салып, көрермендерді бір қуантты. Ал аудандық орталықтандырылған кітапханасының кітапханашысы Ерлан Киліпбаев «Рухани келісім әлемі» атты көрмене таныстырып, қала тұрғындарын кітап оқып, білім нәрімен сусындауға шақырды.

Кеш соңында барлығы естелікке суретке түсіп, үйлеріне тарасты. Қазақстанның көпұлтты халықтары арасындағы бірлік пен ынтымақтастық нығайып, өліміз молшылыққа, ал әрбір шаңырақ бақыт пен шаттыққа көнелісін дегіміз келеді.

Қанат ӨТЕРМҰРАТОВ,
суретті түсірген автор.



БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ КОМАНДАСЫ – ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗЫ



футзалдан іріктеу жарыстары өткізілген болатын, онда 4 команда ақтық сынға шықты. Финалда Қарақоға, Аққайың, Алтын дән ауылдық округтері және Булаев қаласының командалары бақ сынасты.

Бірінші кездесуде Аққайың және Алтын дән командалары кездесіп, 8:2 есебімен Аққайың командасы жеңіске жетті. Екінші ойында алаңға Қарақоға және Булаев қалаларының командалары шығып, 7:4 есебімен қарақоғалықтар басым түсті. Үшінші кездесуде Аққайың және Булаев қаласының командалары тартысқа түсіп, 8:3 есебімен аққайыңдықтар мықты екендіктерін дәлелдеді. Төртінші ойында Алтын дән және Қарақоға командалары кездесіп, 8:0 есебімен Қарақоға аяқдошылары ойсырата жеңді. Бесінші ойында Булаев және Алтын дән командалары тартысты ойын өткізіп, соның нәтижесінде 4:3 есебімен Булаев қаласының командасы жеңіске жетті. Соңғы кездесуде тартысқа толы өтіп, Аққайың және Қарақоға ауылдық округтерінің командалары нәтижелі ойын көрсете білді. Аққайыңдықтар 4:3 есебімен жеңістерін тойлап, жарыс чемпионы атанды. Жалпыкомандалық нәтиже төмендегідей:

Ксения Кочубеева (Возвышенка а/о) чемпион атанса, Екатерина Рузанова (Алтын дән а/о) 2-ші орынды, ал Ксения Соколова (Возвышенка а/о) 3-ші орынды иеленді.

Жалпыкомандалық есепте Алтын дән а/о конькишілеріне тең келер ешкім болмады, Булаев қаласының спортшылары 2-ші орынға тұрақтаса, Возвышенка ауылдық округінің командасы 3-ші орынды қанағат тұтты.

Содан соң, жанкүйерлер назары шаңғы жарысы өткізіліп жатқан аймаққа ауды. Онда 5 шақырым қашықтықта ерлер арасында жарыс өтті: Алексей Дроздов (Молодогвардейское а/о) спартакиада чемпионы атағын жеңіп алса, Бекболат Тілеуов (Бәйтерек а/о) пен – Виталий Заводчиков (Булаев қ.) 2-ші және 3-ші орындардан көрінді.

Ал 2,5 шақырым қашықтықта қыздар сынға түсіп, 1-ші орынды Диана Трошина (Булаев қ.) иеленсе, 2 орын – Татьяна Яловенко (Возвышенка а/о), 3 орынды Виктория Мальнева (Бәйтерек а/о) иеленді.

Шаңғы жарысының нәтижесі бойынша: Возвышен ауылдық округі 1-ші орынды жеңіп алса, қарақоғалықтар 2-ші орынға жайғасты, ал Бәйтерек ауылының спорт-



1-ші орын – Аққайың а/о;
2-ші орын – Қарақоға а/о;
3-ші орын – Булаев қаласы;
4-ші орын – Алтын дән а/о.

Сондай-ақ бұл күні спортшылар мұз айдынында өнер көрсетіп, түрлі қашықтықта конькимен жүгіру бойынша жарысты. Мәселен, ерлер арасында 500 метр қашықтықта шорт-трек жарысында Эльдар Зарипов алтын медаль иеленсе, Максим Герасимов пен Артем Белялов (барлығы – Булаев қ.) тиісінше күміс және қола медальдарды ұтып алды.

Әйелдер арасында 500 метр қашықтықта

шылары үшінші орынға табан тіреді.

Осылайша, «Солтүстік - 2024» аудандық қысқы спорт мерекесінің жалпыкомандалық қорытындысы бойынша Булаев қаласының командасы жеңімпаз атанды. Қарақоға ауылдық округінің спортшылары 2-ші иеленсе, Алтын дән ауылдық округінің ұжымы үздік үштікті қорытындылады.

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері кубоктармен, дипломдармен, медальдармен және спорттық жабдықтарды сатып алуға сертификаттармен марапатталды.

Қанат ӨТЕМҰРАТОВ,

Әрбір адам спортпен айналысу керек. Өйткені спортпен үнемі айналысқан адамның дені сау, көңіл-күйі көтеріңкі болады және денсаулығы жақсарады. Спорттық ойындардың түрлері өте көп: футбол, баскетбол, волейбол, теннис, хоккей, шаңғы жарысы, суда жүзу, т.б. Спорттың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екенін, оның адам өмірін ұзартатынын білеміз.

Салауатты өмір сүру – денсаулық көпірі. Ал денсаулық – адамның басты байлығы. 2-ші наурыз күні Қарақоға ауылында «Солтүстік - 2024» аудандық қысқы спорттық мерекесінің салтанатты ашылуы өтіп, оған аудан әкімі Қайрат Омаров қатысты.

Спорттық шара дәстүрге сай еліміздің айбынды Әнұранымен ашылып, аудан басшысы мағжандық спортшыларға жеңіс тілеп, жылы лебізін білдірді.

– Құрметті Мағжан елінің спортшылары!

Сіздерді «Солтүстік - 2024» қысқы спорт ойындардың ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Бүгінгі жарыста барлықтарыңа жеңіс тілеп, жоғары биіктерден көріне берілуіңізге тілектеспін! Сіздердің арқаларыңызда ауданымыз спортта жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Алағыз сайыстарда барлықтарыңызға толағай табыс тілеймін, – деп Қайрат Қайроллаұлы ауылдық қысқы спорт мерекесін ұйымдастыруға атсалысқан азаматтарға аудан әкімінің Алғыс хаттарын табыс етті. Атап айтар болсақ, «ЖНВ» ЖШС директоры Қанат Жанчурин, «ЖНВ» ЖШС басқарушысы Сергей Уланов, «Нұр Агро 2050» ЖШС басқарушысы Арман Нәбиұлы Әбілқайыров, «Нұр Агро 2050» ЖШС ауыр атлетикадан жаттықтырушысы Николай Филипас, Қарақоға орта

мектебінің шаруашылық меңгерушісі Зульфия Тайрова марапаттарға ие болды.

Содан кейін кезді ашып жұмғанша қызықты да тартысты жарыстар басталып кетті. Айта кету керек, аталмыш ойындар екі кезеңнен тұрған болатын. Бірінші кезеңі желтоқсан айында өтіп, бұл күні жарыстар екінші кезең бағдарламасы аясында жалғасты. Осылайша, ауыл спортшылары шайбалы хоккей, футбол, шаңғы жарысы және шорт-трек бойынша бақ сынасты.

Шайбалы хоккейге 5 команда қатысып, командалар екі кіші топқа бөлінді. Бірінші топта Бастомар 1, Бастомар 2 және Молодогвардейское а/о командалары ойнаса, екінші топта Қарақоға а/о және Булаев қаласының командалары кездесті. Бірінші топта Бастомар 1 командасы басымдық танытып, 15-1 есебімен Молодогвардейское а/о командасын жеңсе, екінші ойында Бастомар 2 командасы Молодогвардейское а/о хоккейшілерінен 4-3 есебімен жеңіліс тапты. Екінші кіші топта Қарақоға а/о командасы Булаев қаласының командасын 5:3 есебімен жеңіп, ақтық сынға шықты.

Алдымен үшінші орын үшін Молодогвардейское а/о және Булаев қаласының командасы бақтарын сынап, Булаев қаласының спортшылары қарсыластарын 11:3 есебімен жеңіп, жарыстың қол жүлдегері атанды.

1-ші орын үшін Қарақоға мен Бастомар 1 командалары кездесіп, нәтижесінде 5:3 есебімен Бастомар а/о командасы жеңіске жетіп, алтын алқа тағынды.

Осылайша, шайбалы хоккей ойындарының қорытындысы бойынша 1-ші орын – Бастомар, 2-ші орын – Қарақоға және 3-ші орын – Булаев қаласы.

Естеріңізге сала кетсек, 2 желтоқсан күні



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ҮЙДЕ КҮТІМ КӨРСЕТУ ЖАҒДАЙЫНДА АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУГЕ ҚҰЖАТТАР РЕСІМДЕУ

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ-сі «Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар рәсімдеу» мемлекеттік қызметін көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері: өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

- 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);
- 2) көрсетілетін қызметті беруші;
- 3) www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі-портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметтер тұлғалардың келесі санаттарына көрсетіледі:

- 1) психоневрологиялық ауытқулары бар үш жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;
- 2) тірек-қимыл аппараты бұзылған үш жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;
- 3) психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдар;
- 4) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 5) егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдар.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: құжаттар топтамасын тіркеу күнінен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі әлеуметтік қызмет көрсету мерзімін ретте отырып, өркін нысандағы құжаттарды рәсімдеу туралы хабарлама немесе негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дөлемді жауап беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесі туралы хабарлама «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қолданырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Құжаттар тізбесі:

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның заңды өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) «Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар рәсімдеу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтініш;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) бар жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) Қағидалардың 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық карта;
- 4) балалар үшін - психологиялық медициналық педогогикалық кеңес қорытындысының көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, мүгедектігі белгілеу туралы (мүгедектік болған жағдайда қарттар үшін), мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – ОЖБ) әзірлеген іс-шаралар туралы (қарттар үшін ОЖБ болған жағдайда), Ұлы Отан соғысының қатысушысы мен мүгедегі және соларға теңестірілген адам мәртебесінің болуы туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорация тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті лауазымды адамдардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.

Көрсетілетін қызметті алушының ақпараттық жүйелерде мәліметтері болмаған кезде өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі: Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар үшін - Ұлы Отан соғысының қатысушысы мен мүгедегі және оларға теңестірілген адам мәртебесін растайтын куәліктің көшірмесі.

Қызмет берушілер бір реттік паролді беру арқылы «электрондық үкімет» веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы телефонының нөмірі арқылы ұсынылатын құжат иесінің келісімі бойынша енгізілген интеграция арқылы цифрлық құжаттама қызметінен немесе электрондық үкімет порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы цифрлық құжаттарды алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мекен-жайлары интернет-ресурстарда жарияланған:

- 1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің - www.enbek.gov.kz, «Мемлекеттік қызметтер» тарауы;
- 2) Мемлекеттік корпорацияның - www.gov4c.kz;
- 3) порталдың www.egov.kz.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты анықтамалық қызметтер арқылы алу мүмкіндігі бар: Бірыңғай байланыс орталығы «1414», 8 800 080 7777, сондай-ақ «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ-сі 2-81-48.

Бақытжан ЫСҚАҚОВА,

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

ӘКЕЛІНГЕН ОТЫРҒЫЗУ НЕМЕСЕ ТҰҚЫМ МАТЕРИАЛЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/66 «Әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес импорттық отырғызу немесе тұқым материалы Қазақстан Республикасының фитосанитариялық талаптарына сәйкес келуге тиіс. Сондықтан карантинге жатқызылған өнімді тасымалдаушылар осы фитосанитариялық талаптарды қатаң сақтауы керек, атап айтқанда, отырғызу немесе тұқым материалы келесідей талаптарға сәйкес болуы керек:



1. Экспорттаушы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитариялық сертификат;
2. Өнімнің атауы, шығарылған өлі, экспорттаушы және (немесе) қайта экспорттаушы, өндіріс орны және (немесе) уәкесі туралы ақпаратпен таңбалау;
3. Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау рәсімі аяқталғанға дейін бастапқы қаптама;
4. Зертханалық сараптама нәтижелерін алғанға дейін отырғызу немесе тұқым материалы пайдаланылмайды. Зертханалық сараптама аяқталғанға дейін отырғызу немесе тұқым материалы карантиндік объектілердің таралуын болдырмайтын жағдайларда ұсталуы тиіс.

5. Ерекше ғылыми немесе өзге де құндылығы бар үлгілерді қоспағанда, зертханалық сараптамадан өткен үлгілер өнім иесіне немесе оның өкіліне олардың иелерінің өтініші бойынша қайтарылмайды.

6. Құмыра өсімдігінің немесе жабық тамыр жүйесі бар өсімдіктің отырғызу материалы Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілерден бос қоректік субстратқа өкілінуі тиіс.

7. Тамыр топырағы бар өсімдіктер Қазақстан Республикасының аумағына өкелінбейді.

8. Сәндік, жеміс-жидек дақылдарының (құлпынайдан басқа) және жүзімнің отырғызу материалы жапырақтарысыз, гүлдерсіз және жемістерсіз тыныштық күйінде болуы керек.

9. Карантиндік объектілер анықталған өкелінетін отырғызу немесе тұқым материалының партиялары меншік иесінің таңдауы бойынша зарарсыздандырылуға немесе жойылуға, ал меншік иесі бас тартқан немесе зарарсыздандыру немесе жою мүмкін болмаған жағдайда - қайтарылға жатады. Бұл ретте зарарсыздандыруға, жоюға немесе қайтаруға партияның

залалданған бөлігі ғана жатады.

10. Отырғызу немесе тұқым материалын тасымалдау тәлімді болдырмау жөніндегі шараларды қамтамасыз ете отырып, қаптамада жүзеге асырылады. Отырғызу және (немесе) тұқым материалының әртүрлі түрлері әртүрлі пакеттерге оралады.

Өнімнің меншік иесі карантинге жатқызылған өнімнің келгені туралы тиісті мемлекеттік уәкілетті органы көз келген қолжетімді тәсілмен хабардар етуге және карантинге жатқызылған өнімді межелі жерде карантиндік фитосанитариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру үшін келу күнінен кейінгі өнімнің күнінен кешіктірмей көрсетуге міндетті.

Карантинге жатқызылған өнімді уәкілетті мемлекеттік уәкілетті органының лауазымды адамына ұсынабау фактісі анықталған жағдайда өнімнің меншік иесі уәкілетті мемлекеттің заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Талғат ҚАЛЕНОВ,

ҚР АШМ АӨК МИК

Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторы.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖАНУАРЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ КЕРЕК

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 97-VII ҚРЗ Заңына сәйкес жануарлармен жұмыс істеу кезінде оларды қорғау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамгершілікті нығайту және қоғам адамгершілігі қағидатын сақтау, сондай-ақ жануарлармен жұмыс істеу кезінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында оларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

Осы Заңның талаптарына сәйкес жануардың иесіне немесе жауапты тұлғаға белгілі бір жауапкершілік жүктелген.

Атап айтқанда, олар міндетті:

- ветеринариялық-санитариялық, гигиеналық талаптарды сақтай отырып, олардың иелігіндегі жануарларды ұстауға және күтуге;
- вакцинацияны уақтылы жүргізу;
- зарарсыздандыру арқылы үй жануарларында қажетсіз ұрпақтардың алдын алу бойынша шаралар қабылдау;
- өзінің жануарының жауапкершілікпен қарау және қатыгездік көрсетпеу;
- басқа адамдармен жануарлардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндірмеу үшін қауіпсіздік шараларын қолдану;
- қоршаған ортаны, қоғамдық

орындардың ластануына жол бермеу.

Жануарлармен жұмыс істеу кезінде тыйым салынады:

- жануарлар иелерінің немесе жауапты адамдардың жануарларды және (немесе) олардың ұрпақтарын күтім-бағу жөніндегі міндеттерін оларды Жануарлар паналарына айқындағанға дейін орындаудан немесе өзге де заңды тәсілмен иеліктен шығарудан бас тарту;
- иттердің өзін-өзі серуендеуі, қоршалмаған жерлерде тұмсығы мен қарғыбауынсыз, олардың мінез-құлқы бақылауға қабілетсіз, оның ішінде алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде жүрген адамдармен, сондай-ақ он алты жасқа толмаған адамдармен жүруі.

407-1 бапқа сәйкес заңнаманы



бұзғаны үшін «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің» жануарларға қатыгездікпен қарау», 407-2 бабы «Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу» айыппұл түріндегі әкімшілік жаза қолданылады.

Біз қолға үйретілген жануарлар үшін жауаптымыз!

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР - ЭПИЗООТИЯЛЫҚ САЛАУАТТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ



Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы қолданыстағы заңнама негізінде ауыл шаруашылығы жануарларының иелері оларды ветеринариялық-санитариялық қағидаларда белгіленген профилактикалық іс-шараларды жүргізу үшін ветеринариялық мамандарға ұсынуға міндетті екендігіне назар аударады (25-бап). Жануарлар мен адамдарға ортақ ау-

Жыл сайынғы, міндетті жоспарлы диагностикалық, емдеу-профилактикалық ветеринариялық іс-шаралар кезеңі басталады. Олар ауылшаруашылық жануарларының жұқпалы және аса қауіпті ауруларының, соның ішінде жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардың алдын алуға бағытталған.

руларды қоса алғанда, жануарлар ауруларының алдын алу жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың міндеттері.

Тәжірибе көрсеткендей, жануарлардың қауіпті ауруларының орасан зор экономикалық зиян келтіреді, нәтижесінде ауру жануарлардың иелері ғана емес, сонымен қатар ауру ошағының жанындағы қолайсыз аумақта қызмет ететін ірі кәсіпорындар мен азаматтардың жеке қосалқы шаруашылықтары зардап шегеді.

Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы ауыл шаруашылығы жануарларын

ұстау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы құрылымдарының барлық тұрғындары мен бастыларына барлық қажетті диагностикалық және емдеу-профилактикалық ветеринариялық іс-шараларды орындауға қатаң кеңес береді.

Мал басын ветеринариялық өңдеумен толық қамту ғана ауданымыздың тұрақты эпизоотиялық ел-ауқатын сақтауға мүмкіндік береді.

Евгения БУНКОВАЯ, Мағжан Жұмабаев ауданы ветеринариялық станциясының ветеринар дәрігері.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ - ҰЛТ МЕРЕЙІ

Өз ісіне адал жан



Ұстаз болу — жүректің батырлығы,
Ұстаз болу — сезімнің ақылдығы,
Ұстаз болу — мінездің күн шуағы,
Ұстаз болу — адамның асылдығы.

Ұстаз — барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны және жүрегі. Мүғалімнің негізгі басты мақсаты — рухани бай ізденімпаз, адамгершілігі мол адамды қалыптастыру болып табылады. Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мүғалімі - Айнаш Даниярова да өзінің алдына жоғары мақсат қоятын ұстаз.

Мектебімізде жиырма жылдан артық еңбек етіп келе жатқан Айнаш Қайыржанқызы бүгін таңда жоғары

санатты педагог-зерттеуші. Тәжірибелі ұстаз өртүрлі деңгейдегі олимпиадалар, байқаулардың жеңімпаздарын дайындап, білімді әрі лайықты тұлға тәрбиелеуге сүбелі үлесін қосып жүр. Оның оқушылары аудандық және облыстық олимпиадаларда, байқауларда «Жас ғалым», «Зерде» ҰЗДІК ҒЫЛЫМИ ЖОБА АВТОРЫ», «Русский медвежонок — языкознание для всех», «Нұрлы болашақ», «Алтын күз», және тағы да басқа республикалық және халықаралық байқауларда жоғары нәтиже көрсетіп, биік белестерден көрініп жүр. Айнаш Қайыржанқызы «Мағжан Жұмабаев» төсбелгісінің иегері.

Қазіргі заманғы мүғалімдер ізденуші, зерттеуші әрі шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болу керектігін жақсы түсінетін Айнаш Даниярова тәрбиеленушілеріне орыс тілі мен әдебиеті пәнінен ғана емес, сонымен бірге, оқушылардың бойында көшбасшылық, адамгершілік, адалдық қасиеттерін ашып, өскелең ұрпақты туған жерін сүйуге дәрiптeйдi.

Айнаш Даниярова - ұстаз болып жаралған. Ерге жүк, елге сын болған заманда, нәзік жүрегімен ұстаз деген ұлы есімді арқаған жанның ең жоғарғы алғыс пен марапатқа, мойындауға лайық екені рас. Ендеше, 8 наурыз — халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында барша әйелдер қауымын төл мерекелерімен құттықтап, зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыс, озат шәкірт тілейміз.


Жанара БҰХАРБАЕВА,
Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.
Мағжан Жұмабаев атындағы
орта мектеп.



Иманхамитқызы өзінің 70 жылдық мерейтойын атап өтті.

Осындай тәжірибесі мол, қоғамға адал еңбек еткен жандарға қандай құрмет көрсетілсе де лайық. Сондықтан Батия Иманхамитқызын және осы салада аянбай еңбек етіп жүрген мамандарды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, бар жақсылықты тілейміз.

Батия Иманхамитқызының басты құндылығы — отбасы, ол — қамқор ана және асыл әже, екі қызды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді, қазір екі жиен сүйіп отырған сүйікті әже. Биыл жылдың 20-шы ақпанында Батия



ІСКЕР ӘЙЕЛ - ҚОҒАМ ТІРЕГІ



«Бірінші байлық — денсаулық», - деп дана халқымыздың сөзі бекер айтылмаса керек. Ауырсақ төнімзді емдеп, жанымызға дем беретін дәрігерлер қауымы қашанда құрмет тұтуға лайықты жандар. Бұл мамандық иелерінің жауапкершілігі де мол, атқаратын жұмыстары да ауқымды. Осы тұста

бүгінгі біздің сөз еткелі отырған кейіпкеріміз, ақ халатты абзал жандардың бірі, білікті де білімді жас мамандардың бірі - Алтын Ерболатқызы жайлы болмақ.

Алтын Ерболатқызы 1999 жылы 15 ақпанда Қызылорда облысы, Қызылорда қаласында дүниеге келген. Жас кезінен-ақ дәрігер мамандығына қызығып, осы саланың қыр сырын үйреніп білгісі келген Алтын Ерболатқызы барлық пәндерді үздік оқыған екен.

2005-2013 жылдары №233 Ж. Нұрсейітов атындағы орта мектепте 9-шы сыныпқа

дейін білім алса, 2013-2016 жылдары Назарбаев зияткерлік мектебіне түсіп, білімін жалғастырады. Оқуын жақсы үлгіде тәмамдағаннан кейін жаңа өмірге қадам басу үшін өзінің арманындағы дәрігерлік жолды таңдап, 2016 жылы Қарағанды медициналық университетіне «Жалпы медицина факультетіндегі жалпы тәжірибе дәрігері мамандығына грантқа оқуға түседі. 2023 жылы оқуын ойдағыдай аяқтаған Алтын Ерболатқызы алғашқы еңбек жолын ауданымыздағы орталық ауыруханасынан бастауды жөн көреді. Қазіргі таңда ақ халатты абзал жан Булаев қаласындағы аудандық емханада жалпы тәжірибе дәрігері болып қызмет атқарып келеді.

Алтын Ерболатқызының сөзіне сүйенер болсақ, ауданымыз жаңадан келген жас маманға барынша қолдау көрсетіп келуде. Мәселен, тұрғын үймен қамтамасыз ету, көтермеақы төлеу сияқты барлық көмектер көрсетіледі.

Айта кету керек, кейіпкеріміздің жұмыс істеп жатқанына енді 7-ші айға қараған екен. Алайда осы қысқа уақыттың ішінде көптеген адамдары емдеп, өріптерлерімен тығыз қарым-қатынас жасаған жас дәрігер, өзіне сеніп тапсырылған міндеттерін уақыты әрі сапалы орындауға және жан-жақты болуға тырысуда. Сондықтан да болар, жас дәрігер күн сайын білімін жетілдіруге, біліктіліктің арттыруға және тәжірибе алмасуға әрқашан дайын екенін сөзбен де іспен де дәлелдеуден жалықпай, аянбай қызмет етіп, елдің ыстық ықыласына бөленіп келеді.

Ендеше, көп сөйлеп сөзбай, әдептен озбай ойымызды қорытындылап, жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз. Сонымен қатар сізді және сіздің жақындарыңызды алағыз келе жатқан 8 наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізгетек қана көктемгі көңіл-күй, шаттық, жылаулық пен бақыт тілейміз. Жаныңыз бен жүрегіңіз шабыт пен махаббатқа толы болсын. Өмірге ризаболып, жақындарыңыз Сізді бағалай білсін!

Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.

Белгілі бір кәсіппен айналысып, нәсібін сол істен тауып отырған жандарды көргенде іштей риза боласың. Мұндай азаматтардың саны қазір аз емес. Солардың бірі - «Тамаша - 2050» ЖШС директоры Светлана Валерьевна Карабанова. Ол 2019 жылы ешкі өсірумен айналысуға шешім қабылдапты. Алғашында 60-қа жуық Заанен және Голланд тұқымды ешкілерін сатып алса, қазір олардың саны - 238 бас. Бүгінгі таңда ол ешкі ірімшігі цехын ашып, қазір ірімшіктің 38 түрін дайындайды.

«Тамаша - 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - аудан орталығында орналасқан. Олардың ешкі өсірумен айналысып жатқанына бірнеше жыл болды. Енді міне, ешкі сүтінен ірімшік өндіретін жаңа цех ашып отыр.

Соңғы кездері ешкі сүтіне деген сұраныс артуда, өйткені оның адам денсаулығына тигізетін пайдасы зор

екені белгілі. Светлана Валерьевна үнемі ассортиментін кеңейтіп отырады, өз ісіне үнемі жаңалықтар енгізіп, жаңа технологияларды белсенді меңгереді.

Бүгінгі таңда «Тамаша - 2050» ЖШС фермасы ірі ешкі фермаларының бірі болып табылатындығы және оның ендіктерінде сұраныс жоғары екендігі бізді қуантады. Іскер басшы өндірісті кеңейту, үлкен автоматтандырылған сауу залын құру жоспары бар. Бұл бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде басталды.

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Светлана Валерьевнаға қажырлы еңбегі үшін алғыс айтқым келеді және денсаулық, әрқашан және ауданда ауыл шаруашылығын дамыту бойынша жұмысты жалғастыруды тілейміз!

Гүлжан ЖЕНСАГУРОВА,
әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының хатшысы.

ҚМДБ: БИЫЛ РАМАЗАН АЙЫ 11 НАУРЫЗДА БАСТАЛАДЫ



muftiyat.kz

Рамазан Ораза кестесі 2024

Һижри 1445 жыл

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ ЖӘНЕ СӘУІР	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Дүйсенбі	11 Наурыз	05:03	06:38	12:33	16:20	18:20	19:54
2	Сейсенбі	12 Наурыз	05:01	06:35	12:33	16:21	18:22	19:56
3	Сәрсенбі	13 Наурыз	04:58	06:33	12:33	16:23	18:24	19:58
4	Бейсенбі	14 Наурыз	04:55	06:30	12:32	16:25	18:26	20:00
5	Жұма	15 Наурыз	04:53	06:28	12:32	16:26	18:27	20:03
6	Сенбі	16 Наурыз	04:50	06:25	12:32	16:28	18:29	20:05
7	Жексенбі	17 Наурыз	04:47	06:23	12:31	16:30	18:31	20:07
8	Дүйсенбі	18 Наурыз	04:45	06:20	12:31	16:31	18:33	20:09
9	Сейсенбі	19 Наурыз	04:42	06:18	12:31	16:33	18:35	20:11
10	Сәрсенбі	20 Наурыз	04:39	06:15	12:31	16:34	18:37	20:14
11	Бейсенбі	21 Наурыз	04:36	06:12	12:30	16:36	18:39	20:16
12	Жұма	22 Наурыз	04:33	06:10	12:30	16:37	18:41	20:18
13	Сенбі	23 Наурыз	04:30	06:07	12:30	16:39	18:43	20:20
14	Жексенбі	24 Наурыз	04:28	06:05	12:29	16:40	18:45	20:23
15	Дүйсенбі	25 Наурыз	04:25	06:02	12:29	16:42	18:47	20:25
16	Сейсенбі	26 Наурыз	04:22	06:00	12:29	16:43	18:49	20:27
17	Сәрсенбі	27 Наурыз	04:19	05:57	12:28	16:45	18:51	20:30
18	Бейсенбі	28 Наурыз	04:16	05:55	12:28	16:46	18:53	20:32
19	Жұма	29 Наурыз	04:13	05:52	12:28	16:48	18:55	20:34
20	Сенбі	30 Наурыз	04:10	05:50	12:28	16:49	18:57	20:37
21	Жексенбі	31 Наурыз	04:07	05:47	12:27	16:51	18:59	20:39
22	Дүйсенбі	1 Сәуір	04:04	05:45	12:27	16:52	19:01	20:42
23	Сейсенбі	2 Сәуір	04:01	05:42	12:27	16:54	19:03	20:44
24	Сәрсенбі	3 Сәуір	03:58	05:39	12:26	16:55	19:04	20:47
25	Бейсенбі	4 Сәуір	03:55	05:37	12:26	16:56	19:06	20:49
26	Жұма	5 Сәуір	03:51	05:34	12:26	16:58	19:08	20:52
27	Сенбі	6 Сәуір	03:48	05:32	12:26	16:59	19:10	20:54
28	Жексенбі	7 Сәуір	03:45	05:29	12:25	17:01	19:12	20:57
29	Дүйсенбі	8 Сәуір	03:42	05:27	12:25	17:02	19:14	21:00
30	Сейсенбі	9 Сәуір	03:39	05:24	12:25	17:03	19:16	21:02

ЕСКЕРТПЕ:

10 сәуір – Ораза айт.

Сәуір айының 5-інен 6-сына қараған түн – қасиетті Қадір түні.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Ауызашар дұғасы: Ұа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым.

Ұа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және кейінгі күнеларымды кешір!

Сақтық үшін сәресін 10 минут ерте жабу.

Пітір садақасы жан басына 640 теңге.

Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит,

Astana-Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қапшошта арқылы аударуға болады.



Рамазан кестесін

MUFTIYAT.KZ сайты мен

MUFTIYAT APP қосымшасынан

жүктеп алыңыз

Call орталық 24/7

+7(707)233 30 30

ҚҰРМЕТТІ МАҒЖАНДЫҚТАР!

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салатуы мен сәлемі болсын!

Баршамызды қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер болсын.

Қадірменді жамағат!

Сіздерді мұбаarak Рамазан айының келуімен құттықтаймын! Рамазан – он екі айдың сұлтаны, берекелі де көшірмсі мол ай. Күнделікті тіршілік қамымен жүретін пенденің жүрегіне бұл айда иман нуры құйылады. Өйткені, ораза адамды таукалыққа тәрбиелейді. Сабырлық, қайырымдылық, мейірімділік, бауырмалдық секілді адамдық асыл қасиеттер артып, иман күшейеді. Адамның иманы күшейген сайын арысдықтың арыла бастайды. Рамазан – Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, иманды күшейтуге мүмкіндік беріпген берекелі ай. Бұл – Жаратушы Иеміздің ұлы сыйы әрі нығметі.

Сауаптар еселеніп жазылатын айда жасалған қайырлы істің қайтарымы адам баласы үшін құпия-сыр. Тіпті, ауыз бекітуге берілетін сый мен сауап, құрмет пен марапат пайғамбарлар мен періштелерге де белгісіз.

Құдас хадисте Алла Тағала: «Ораза – тек Мен үшін. Оның сыйын (сауабын) Өзім ғана беремін...», – деп, оразаның қадірі мен қасиетін, мәні мен маңызын баяндаған.

Қымбатты ағайын!

Шарапаты мен шапағаты мол айда күнелі істерден бас тартып, сауап жинауға, ішкі дүниемізді тазартуға, Жаратушының разылығына бөленуге асығайық!

Рамазанның қадірін жақсы түсінген сахабалар оразаға алты ай қалған сәттен бастап: «Раббымыз, бізді Рамазан

айына аман-есен жеткізе гөр!» – деп дұға еткен. Пенденің осы айда ұстаған оразасы, қосымша құлшылықтары, өзгелерге жасаған қайырымдылығы, барлық сауапты амалдары еселеніп жазылады.

Ораза – күндіз тек ішіп-жеуден өзін шектеу деген сөз емес. Ораза – рухтың азығы, тәннің шипасы. Рамазан жан мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі. Ауыз берік жандар әдеп білмес пенделердің өзіне жасаған кейбір оғаш іс-әрекеттерін көріп, турпайы сөздерін естисе де: «Мен оразамын», – деген бір ауыз сөзбен нәпсісіне тоқтау салып, сабыр сақтайды. Ал сабыр иесіне берілетін сый – жәннат.

Мейірімділік, кешірімділік, игілік, имандылық һәм адамгершілік құндылықтар салтанат құрған қоғамның қамаша да болсағай баянды, келешегі кемел.

Айта берсек оразаның пайдасы өте көп, отыз күн отыз сағаттай өтеді де кетеді. Ең бастысы осы қасиетті айдың сансыз сауаптарынан құр қалмай, ораза ұстауға, жақсылықтар жасауға, ренжіскендеріміз болса татуласып, кешірім сұрауға тырысайық. Ақыретте тек ораза ұстағандар ғана кіргізілетін Жәннаттың «ар-Райан» қақпасынан Алла барлығымызды қуанышты жүзімізбен кіруімізге нәсіп етсін. Ұстағалы отырған оразаларыңыз қабыл болсын! Тәуелсіздігіміз ерқашан баянды болғай! Алла Тағала Рамазан айын бізге Өзі разы болатындай пайдалы өткізуді жазсын! Әумин!

Мухаммад АБДУЛЛА,
«Береке» аудандық орталық мешітінің
бас имамы.

АУЫЗ БЕКІТКЕНДЕ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР: ОРАЗА ҚАЙ ЖАҒДАЙДА БҰЗЫЛАДЫ?

Қасиетті Рамазан айының басталуына аз уақыт қалды. Он екі айдың сұлтаны саналатын бұл айда Алланың шексіз мейірімі төгіліп, сауаптар еселенетіні баршаға аян. Десе де қасиетті ай қарсаңында көпшіліктің көкейінде сұрақтар туындайды. Біреулер жыл сайын ораза ұстап, ережелерін нық білсе, басқалары алғаш рет ұстап көрмекші. Осы орайда маңызды сауалдарға жауап іздеп көрдік.

ҚАЙ КЕЗДЕ ОРАЗА ҰСТАУҒА БОЛМАЙДЫ? ОРАЗАНЫ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ҚАЗА ЕТУГЕ БОЛАДЫ?

Шариғат «сізге болады», «сізге болмайды» деп кесіп айта алмайды. Десе де, кейбір адамдарға жеңілдік жасайды. Мәселен, жүкті, емізугі аналарға, 7 жасқа толмаған балаларға, сондай-ақ үнемі дәрі ішіп жүретін науқастарға, ауыр дертке шалдыққандарға ораза парыз саналмайды. Етеккірі келген қыз-келіншектер мен енді босанған әйелдерге ораза ұстауға болмайды. Бірақ қарыз болған күндерді міндетті түрде өтеу шарт.

ОРАЗА ҰСТАҒАН АДАМҒА ДӘРІ ІШУГЕ БОЛА МА?

Ем қабылдап жүрген жандарға ораза ұстауды кейінге шегеріп тұрған дұрыс. Егер ораза ұстап жүрген кезде басыңыз немесе ішіңіз ауырып қалса, ауыз ашатын уақытқа дейін шыдауға болады. Дерттің асқынып, шыдапай бара жатса, оразаның қазы болып, оны тәуір болғаннан кейін өтесіз де айып етпес.

ОРАЗА ҚАЙ ЖАҒДАЙДА БҰЗЫЛАДЫ?

- Асты әдейі жеп-ішу;
- Темекі шегу, насыйаб ату, дәрі ішу, құрамында нәрлі заттары бар еkle (укол) қабылдау;
- Әйелімен немесе күйеуімен жақындасу (яғни, таң намазынан ақшам намазына дейін жақындасу оразаны бұзады);
- Себепсіз қорек немесе қоректік қасиеті бар барлық заттарды біле тұра әдейілеп жегу.

Мұндай жағдайларда каффарат оразасын ұстау қажет. Каффарат – рамазан айының оразасын себепсіз өрі біле тұра бұзған жағдайда орнына екі ай ораза ұстау, оған шама келмесе алыс кедейді тамақтандырып, тойғыз.

ОРАЗАНЫ НЕ БҰЗБАЙДЫ?

- Ұмытып ішіп-жеу оразаны бұзбайды. Бірақ ұмытқан адам есіне түскен кезде жеуді дереу тоқтатуы керек;
- Әйелін немесе күйеуін сую, денесіне қолын тигізу.

Мұндай жағдайларда мәни шықпаса, ораза бұзылмайды; - Ауызға келген қақырықты жұту;

- Түкірік немесе мұрынды тарту арқылы бір нәрсенің тамаққа кетуі;
- Құлаққа су кіру, бұлық ағу;

- Темекі түтіні немесе топырақ, шаң, ұнның тозаңы, қардың ұшыны, жауынның тамшылары тамаққа еріксіз кірсе, ораза бұзылмайды;

А- уыз қуысында қалған тамақ қалдықтары ноқаттан кішкентай болса, оны жұту оразаны бұзбайды;

- Еріксіз ауыз толы құсу немесе оның ішке қайта кетуі оразаны бұзбайды;
- Қан алдыру немесе сүлік салдыру;

- Көзге дәрі тамызу;
- Тіс пастасын қолдану оразаны бұзбайды. Бірақ тіс пастасы ішке кетіп қалса бұзылады. Ең абзалы - тісті таң намазы кірмей тұрып жуу;

- Тіс жүлдіру оразаға кедергі жасамайды. Бірақ жүлдіруден уақытта ауыздағы қанды яки дәріні жұтлау шарт;

- Ауыз бен мұрынға су алып шайқау оразаны бұзбайды. Бірақ тамаққа кетпейін қадағалау қажет;
- Душқа жуыну, теңізге, көлге түсу оразаны бұзбайды. Бірақ ондағы суды жұтпау керек.

- Егер аударып шөлдеген болса, тамаққа кетпейтіндей аузын сумен шайса жарайды. Бұл оразаны бұзбайды.

ЖАЛҒАН СӨЙЛЕП, ҒАЙБАТ АЙТУ, ҚАТТЫ АШУЛАНУ ОРАЗАҒА ӨСЕР ЕТЕ МЕ?

Ораза бұлардан бұзылмайды, алайда сауабы кемиді. Ораза - тек тамаққа деген нәпсіден тыйылу ғана емес, сондай-ақ рухани құлшылық ету. Сол себепті, тәнге де, жанға да жағымсыз нәрселерден аулақ болып, барынша сабырлы болуға тырысу қажет.

АЛҒАШ РЕТ ОРАЗА ҰСТАЙТЫНДАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕС

Ауыз бекітуге алғаш рет ниет етіп отырғандар ғана емес, бұрыннан ұстап келе жатқан жандардың өзі Рамазан айы жақындағанда едәуір алдын ала дайындай бастайды.

Бұрын ораза ұстап көрмеген адамның бойын қорқыныш билеп кетуі мүмкін. Бірақ бұдан қорықпау керек. Сізге дейін ораза ұстаған жандар Рамазан айын жақсы өткере алды, нәпсіден тыйып, жаман әдеттерінен арылып, мінезін түзеп, басқалармен арақатынасын реттеп, рухани күш жинап, азық-ақ білді. Осыны есте ұстаған абзал.

Алла Тағала адамға шыдамы жетпейтін нәрсені жүктемейді. Суға, тамаққа шыдай алмаймын деу - бос әурешілік. Сіз таң сәрімен, күн батқанша аштықтан «солып» қалмайтынығызға ақиқат. Бұны ғалымдар да дәлелдеген. Денсаулығыңызға да пайдалы.

Қасиетті Рамазан айында ораза ұстауға өз қалауыңызбен келгеніңіз дұрыс. Ораза ұстау тренд емес. Оған тек жүрек қалауыңызбен келгеніңіз дұрыс.

Күн тәртібіңізді Рамазан айына дейін өзгертуді бастаңыз. Себебі, Рамазан айы күн тәртібіне айтарлықтай өзгеріс енгізеді. Тәнертен көбірек тамақтанып, асқаңыңызды үйреті бастаңыз. Ерте оянууды әдетке айналдырыңыз. Бұған дейін толып жатқан шаруаларыңызды ысырып, рухани баюға көңіл бөліңіз.

Оған қоса жаман әдеттерден арылу қажет. Ғайбат айту, есектеу, боғалуы сөйлеу оразаны бұзбаса да, сауабын кемітетінін тілге тиек еткен едік. Егер кімде-кім сізді балағаттап, дау-дамайға шақырса «оразам» екеніңізді жеткізіп көріңіз. Ораза - тек ас-ауқатты шектеу ғана емес, сондай-ақ тілді, ойды, көзді, құлақты таза ұстау.

САРЫТОМАРДА «МАҒЖАН ОҚУЛАРЫ» БАЙҚАУЫ ӨТТІ



Қазақ поэзиясында ерекше биік көтерілген ейгілі пирик ақын Мағжан Жұмабаевтың өлең өнеріндегі өзгеше өнегі, дара деңгейі, талант табиғаты ешкімге ұқсамайды. Ал шайырдың шығуылы шумақтары сөз өнерін қастерлепн халқымыз үшін мәңгілік мұра. Өткен жылы ғана ақынның 130-жылдық мерейтойын дүкірөтіп тойлаған Қазақ өлі былд да Мағжанның маржан жырларын насихаттауды жалғастыруда. Мәселен, Сарытомар орта мектебінде ұымдастырылған мектепшілік Мағжан оқуларына 2-11 сынып аралығындағы жиырма шақты оқушылар қатысты. «Күннен туған баламыз» атты сыйбас бастауыш жөне жоғары сыныптар арасында екі топқа бөлініп өткізілді. Байқауда Медежаса орта мектебіндегі биология жөне химия пөндөрінің мүгалімі, мағжантанушы Жеміле Досова, Мағжан Жұмабаев музейінің директоры Айгүл Жүніспаева, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» РҚБ аудандық филиалының төрағасы Еркебұлан Елубаев қазылар алқасы ретінде балалардың өнерін бағалады.

Байқау қатсушыларына ақынның кемінде он өлеңін жатқа білу, дауыс ыргағын қолданулы, сахнада өзін-өзі ұстауы, мәнерлеп оқуы, әктерлік шеберлігі сияқты талаптар қойылды. Байқау - мектеп оқушыларының ақын өмірі мен шығармашылығын тануға деген қызығушылықтарын артыруды, ақынның рухани мұрасын, ақын өмірі жайлы мәліметтерді игеруді насихаттауды, жаңа буынның интеллектуалдық пайым-парасатын артыруды және дарынды оқушыларға қолдау жасауды мақсат етті.

«Біздің осы сайысты ұйымдастырудағы басты мақсатымыз - Мағжанның мәңгі өлмейтін өлеңдерін жастардың

Ақын атындағы байқауда аталған білім ошағының

оқушылары Мағжан маржан жырларын нақышына келтіріп, мәнерлеп оқып, әдеби кештің көркі қыздырды. «Ауыл іші - өнер кеніші» демекші сарытомарлық жастар талантты әрі дарынды екендіктерін паш етті. Өз кезегінде әділ-қазылар алқасы сайысқа қатысушылардың дайындығына жоғары баға беріп,

Мағжан ақынның мұхиттай алып,
теңіздей терең шығармашылығы
жас ұрпаққа үлгі-өнеге екенін
тілге тиек етті.

Нәтижесінде бастауыш сынып оқушылары арасында Аружан Мизам алға суырылып шығып, Мағжан бабасының жиырма елөңін жатқа білетін дәлелден шықты. 3-ші сынып оқушысы Інжу Нұржан да мықты екендігін паш етіп, 2-ші орынды жеңіп алса, Сырлы Көбелекжан жүлдегерлер қатарынан көркініп, 3-ші орынды қанағат тұтты.

Жоғары сынып оқушылары арасында Қазына Қайратқызына тең келер ешкім болмады, жасын-дай жарқылдап, еш мүлтікпей, ақын өлеңдерін жатқа айтқан жас өрен жемпіз атанды. Қазылар алқасы 6-сынып оқушысы Фатима Кендебайдың да ерекше дарын иесі екені байқал, 2-ші орынға лайық деп танды. Болашағынан үлкен үміт күтетіндер қатарынан Ерасыл Базарбай да көрініп, жеке өнерінің арқасында ол жүлдегер атанды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен қатар, арнайы дипломдармен марапатталды. Қалған қатысушыларға сертификаттар табыс етілді.

Сөзін Қазақ әдебиетінің мәңгі сөнбес жұлдыздарының шығармаларын жастар жаттап өсуі керек. Сонда ғана олардың бойында елге деген құрмет арта түседі. Мағжан ақының мұрасы қай кезде де өзінің құндылығын жоймайды. Ақының өмірі мен шығармашылығын зерттеу – жас ұрпақ еңісіндіе. Ол үшін аянбай еңбек ету қажет. Сонда біз Мағжанның жан-жақты тұлға болғанын одан өрі тани түсеміз. Алдағы уақытта да Алаш ардагерінің шығармашылығын жетіксіз толық арасында насихаттау жұмыстарын жалғаса беретініне сенімдімін, - деді ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірген Жеміла Садұқызы.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

— КІТАП - РУХАНИ ҚАЗЫНА

ЖАҢА КІТАПТАР ӨЗ ОҚЫРМАНЫН КҮТУДЕ...

Еліміздің белгілі жазушылары мен ғалымдардың жаңа кітаптары барлық оқымандардың қызығушылығын арттыра анық. Қорға түскен кітаптар сан саланы қамтиды. Атап айтсақ, қазақ поэзиясы көрнекті екілдерінің бірі, ақын әрі сазгер, Қазақстан Жазушылар одағының Ілияс Жансүгіров атындағы сыйлығының лауреаты Тынышбай Рақымның таңдамалы жинағына өлеңдер, цикл жырлары, балладалары мен поэмасы енгізілді. Таласбек Әсемқұловтың шығармалар жинағының 8-томына аудармалары, күнделіктіерінен үзінділер, орысша берген сұхбаттары, «Алматы-Астана» кинохикаяты, автордың шығармашылығына арналған таңдаулы мақалалар мен өлеңдер кірді. Кітап қазақ және орыс тілдерінде.

«Жаңа қазақ әдебиеті» сериясы – қазақ әдебиетінің бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған туындыларын жарыққа шығаруды көздеітін бірегей жоба. Осы жоба аясында Жәнібек Әлімжанов «Жұлдыздысымның жорығы», Айзада Рақымжанованың «Алтын тамыр» өлеңдер жинағы, Ергали Бақташтың «Тылысым түн» сырлы лирикалары мен тылыс түннің өлеміне бойлаған өлеңдері топтастырылған кітабы бір сүйір қауымды баурап алары анық. Сұлулыққа, іңкәрлікке, ізгілікке толы жыр жолдары оқырмандардың лайықты бағасын алады деген сенімдіміз. Ержан Жаубайдың халқымыздың асыл қазынасының бір тамшысы – «Қазақтың жылқыға қатынасы мақал-мәтелдері» жинағы құрастырушының алғашқы еңбегі қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтеру олындағы «Жаңа қазақ әдебиеті сериясымның» жарыққа шықты. Бұл көпөлеңділердің дала философиясын көрсетер қысқа да, нұсқа мақалаларды оқи отырып жылқы жануарына қатысты ерекше жағдайларды түсінуге болады. Талғампаз оқырмандардың ыстық ықыласына бөленіп келе жатқан «Жаңа қазақ әдебиеті» сериясымен жарық көрген Думан Рамазановтың «Жан» таңдаулы өңгіме-хикаяттары, Жүсіпбек Қорғасбектің «Қалам ұшындағы миф» жинағында қамалгерлік пен қайраткерлік қатар өрілетін өмірлік тылыс да құпия сырлары шертпеді және Амангелді Кешілікұлының «Мұқағали газыры» атты туындылары оқырман қауымға қана қырынан көрініп, рухани дүниеміздің өсіп, дамуына субелі өлең қосатыны даусыз. Қазақстаның еңбек сіңірген қайраткері ақын, жазушы Сәуле Досжановтың «Тағдырлар



Кітаптар - біздің рухани байлығымыз, білім теңізіндегі өз компасымыз. Өйткені, ғаламның бар құпиясы кітаптарда сақтаулы. Ұлттың болмысымыз бен тарихымызды, салт-дәстүріміз бен тілімізді сүйіп, оны бویға сіңіруде кітапхана қорына келіп түскен жаңа кітаптардың септігі тиуірі анық. Жаңа кітаптар жұрттың назарына кітапхана көрмесінде және әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы ұсынылады.

тоғсықанда» атты кезекті кітабы келіп түсті. Бұл кітабына «Жалғыздың жарасы» романы, «Тірі жесір», «Тағдырлар тоғсықанда» хикаяттары, «Күлия аманат», «Қашқынның зары», «Анасын іздеген үлгі» және тағы басқа өңімдері енгізілген. Болат Асановтың «Шәрайі шырақ», Үміт Битенованың «Ешкімге йтпаған сырларым» кітабына поэзиялық шығармалары топтастырылған. Шербай Құрманбайұлының «Жаңа атаулар мен қолданстар сөздігі» жаңа атаулар қолданстардың (ЖАҚ) әліпби ретімен

беріген қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігін, негізгі екі бөлімнен тұрады. Сөздік оқушылар мен студенттерге, аудармашылар мен журналистерге, сондай-ақ жаңа атаулар мен қолданыстарды орымен қолданғысы келетін түрлі сала мамандарына, көпшілік қауымға арналады. Қайрат Жолдыбайұлының «Кемел адам» кітабы жан-жақты жетілген идеалды адамның қасиеттері мен ерекшеліктерін дін дәлелдер, қазақтың ойшыл зиялылары айтқан тиімді пайымдары, сондай-ақ адамзатқа орта құндылықтар арқылы

түсіндіруге тырысады.Туындыны оқи отырып, кемел адам дегеніміз: рухани бай, мінез көркем, білімі терең, байсалды, дөні сау, қаржылай тәуелсіз тұлға екеніне көз жеткізесіз. Бұл кітап жеке өміріне оң өзгеріс енгізгісі келген әрбір жасампаз жанға арналады. Танымал американдық жазушы Стивен Кингтің «Жасыл миль» романы оқырмандарды Луизиана штатында орналасқан Суық Тұл түрмесіндегі сұмдық оқиғалардың күесі болуға шақырады.

Кітапханаларымыз балаларға арналған Барфилд Майктың «Комикстігі әлем тарихы», «Комикстігі Астрономия», «Комикстігі жаратылыстану» кітаптарымен толықтырылды.

Бұл кітапта біз ежелгі заманнан қазіргі заманға дейін орған алған тарихи оқиғаларға саяхатқа аттанамыз. Кітаптың комикс түрінде берілуі көздейсіз емес. Себебі тарихты танып-білудің ең оңай тәсілі – бұл оқиғаны өткен замандағы кейіпкерлердің өз аузынан есту. Бірінші роботты кім ойлап тапты? Шыңғыс ханды толықтай тани алдық па? Осы сияқты ақпараттарға қанық боласыз. «Күн жүйесі», «Алыстағы аспан денелері», «Ғарышқа сапар» деген үш бөлімнен тұратын «Комикстігі астрономия» атты кітаптан Күн мен Ай, ғаламшарлар мен олардың серіктері туралы өртүрлі ақпараттар аласыз. «Комикстігі жаратылыстану» кітабынан адам ағзасының ерекшеліктері, жан-жануарлар өлемінің қызықтары мен ғылыми бағыттағы жаңалықтар туралы ақпараттарға қанық боласыз. «Жаңа қазақ әдебиеті» сериясымен жарияланған «Сиқырлы скрипканың өртегілері» деп аталатын Әсел Имайдың кітабын қолына алған кішкентай оқырмандарымыз QR-код көмегімен музыкалық шығармаларды тыңдау мүмкіндігіне ие болады. Ол үшін QR кодын сканерлеп, сілтеме бойынша өту керек. Майра Кенжебаеваңыз балаларға арналған «Математика» энциклопедиясы балаларды математика курсынның негізгі ұғымдары мен терминологиясымен таныстырады. Кітап математикаға қызығушылық танытатын жеткіншектерге өз білімін толықтыруға және жүйелеуге мүмкіндіктер береді. Құрметті оқырмандар сіздер үшін кітапхана есігі ашық, жаңа кітаптар сіздерді күтуде.

Жанар ӘБІЛМӘЖІНОВА,
аудандық орталықтандырылған
кітапхана жүйесінің жинақтау бөлімінің
кітапханашысы.



Дүйсенбі, 11 наурыз	Сейсенбі, 12 наурыз	Сәрсенбі, 13 наурыз	Бейсенбі, 14 наурыз	Жұма, 15 наурыз	Сенбі, 16 наурыз	Жексенбі, 17 наурыз
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНҰРАН. 06.05, 03.40 Д.Ф. 06.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 TÄNSHOLPAN. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 11.15, 19.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 02.45 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 OTÄNDЫҚ BRAND. 14.50 АҚОРДА. 15.15 АПТА. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ-2». 20.30, 00.40 АШҰҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.35 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05, 03.50 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TÄNSHOLPAN. 10.10 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 11.20, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 15.15 КОНЦЕРТ. 16.05 Т/С «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ-2». 20.30, 02.55 АШҰҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05, 03.50 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TÄNSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ТҮЛҒА. 15.15 КОНЦЕРТ. 16.05 Т/С «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ-2». 20.30, 02.55 АШҰҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05, 03.50 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TÄNSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30 ТІРШІЛІК. 15.15 «ҰЛТТЫҚ АРНАДА - ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ». 16.05 Т/С «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ-2». 20.30, 02.55 АШҰҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05, 03.45 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 TÄNSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 02.50 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.30, 02.00 БІРЕГЕЙ. 15.15 «ҰЛТТЫҚ АРНАДА - ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ». 16.05 Т/С «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ-2». 20.30, 01.05 АШҰҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 ТІРШІЛІК. 03.30 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 АҚПАРАТ. 06.35, 02.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.10, 03.00 ШАҢЫРАҚ. 07.45 САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ! 09.00, 01.00 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 «ҰЛТТЫҚ АРНАДА - ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ». 13.45 М.Ф. 15.00 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 17.00 АҚПАРАТ. 17.20 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 20.00 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.00 ТІРШІЛІК. 03.30 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05, 03.25 Д.Ф. 06.55, 02.55 ШАҢЫРАҚ. 07.30 ҰЛТТЫҚ АРНАДА - ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ. 08.45 М.Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 14.30 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 15.00 Т/Х «ЖАТ БАУЫР 2». 17.00 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 17.40 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 20.00, 01.55 АПТА. 20.50, 02.45 АҚОРДА. 21.00 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.15 ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН! 00.00 QAZAQSTAN ДАУЫСЫ. 04.10 КҮМІС КӨМЕЙ.

Дүйсенбі, 11 наурыз	Сейсенбі, 12 наурыз	Сәрсенбі, 13 наурыз	Бейсенбі, 14 наурыз	Жұма, 15 наурыз	Сенбі, 16 наурыз	Жексенбі, 17 наурыз
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «МАРЛИ И Я» Х/ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.25 «ГАРФИЛД» Х/ф. 11.40 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 БІРАҚ. 15.00, 21.45 Т/Х «ЖАҢБЫРЛЫ ҒҰМЫР». 16.00, 23.30 Т/Х «ВОДОВОРОТ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА» Х/ф. 07.00 ОЯН. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.25 М.Ф. 11.40 М.Ф. «АРТУР И МИНИПУТЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 БІРАҚ. 15.00, 21.45 Т/Х «ЖАҢБЫРЛЫ ҒҰМЫР». 16.00, 23.30 Т/Х «ВОДОВОРОТ». 17.00 Т/С «СВОИ ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА» Х/ф. 07.00 ОЯН. 10.00 НЕОСЕТЬ. 10.20 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 БІРАҚ. 15.00, 21.45 Т/Х «ЖАҢБЫРЛЫ ҒҰМЫР». 16.00, 23.30 Т/С «СВОИ ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА» Х/ф. 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.35 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 БІРАҚ. 15.00, 21.45 Т/Х «ЖАҢБЫРЛЫ ҒҰМЫР». 16.00, 23.30 Т/С «СВОИ ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 17.00 Т/С «ТАК ПОСТУПАЕТ ЖЕНЩИНА». 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАЛҚЫ. 21.45 Т/Х «ӨНКЕ». 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА» Х/ф. 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ ОТДЫХ. 10.20 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 БІРАҚ. 15.00, 21.45 Т/Х «ӨНКЕ». 16.00 Т/С «ТАК ПОСТУПАЕТ ЖЕНЩИНА». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАЛҚЫ. 22.30 «И ГРЯНУЛ ШТОРМ», Х/ф. 00.30 ӨСЕМ ӘНДЕР. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 Т/Х «ҮКІМ». 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 10.00 МЕГАХИТ. «И ГРЯНУЛ ШТОРМ». 12.00 М.Ф. 13.20 М.Ф. «АРТУР И МИ- НИПУТЫ». 14.00 ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 15.00 АЛҒАШҚЫ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 17.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 19.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 21.00 7 КҮН. 21.40 НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС. 22.40 «ВЕЧНОСТЬ МЕЖДУ НАМИ», Х/ф. 00.40 ӨСЕМ ӘНДЕР.	05.00 Т/Х «ҮКІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 «ӨЗ ЕЛІМ». 10.00 «ВЕЧНОСТЬ МЕЖДУ НАМИ», Х/ф. 12.00 «ПОХИТИТЕЛЬ ВРЕМЕНИ», Х/ф. 13.40 М.Ф. «АРТУР И МИНИПУТЫ». 14.00 ӨСЕМ ӘНДЕР. 14.45 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 16.30 Т/С «КЕЛІНЖАН-4». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТИЧЕСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.10 «ВКУС СЧАСТЬЯ», Х/ф. 00.10 ОКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.

Дүйсенбі, 11 наурыз	Сейсенбі, 12 наурыз	Сәрсенбі, 13 наурыз	Бейсенбі, 14 наурыз	Жұма, 15 наурыз	Сенбі, 16 наурыз	Жексенбі, 17 наурыз
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО, 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.35 Т/С «ЖЕНСКАЯ ИНТУИЦИЯ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА». 00.25 Т/С «АБРЕК». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ОДНОЛЮБЫ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА». 00.25 Т/С «АБРЕК». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ОДНОЛЮБЫ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА». 00.25 Т/С «АБРЕК». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ОДНОЛЮБЫ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АДМИРАЛЫ РАЙОНА». 00.25 Т/С «АБРЕК». 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.20 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ОДНОЛЮБЫ». 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.05 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «АВАНТЮРА».	06.00, 03.20 ТОЙ БАЗАР. 08.15, 02.35 «П@УТИНА». 09.00 ЛУЧШЕ ВСЕХ! 11.05 «ОФИЦЕРЫ» Х/ф. 13.10 «ХРУСТАЛЬНЫЕ ВЕРШИНЫ», Х/ф. 17.00 «ИВАН ЦАРЕВИЧ И СЕРЫЙ ВОЛК-5» Х/ф. 18.30, 02.05 АЙНА. 19.00 «ЛУЧШИЙ ДРУГ МОЕГО МУЖА» Х/ф. 20.55 «МАЧЕХА» Х/ф. 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.45 ТОЙ БАЗАР. 07.35 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 07.45, 03.00 «П@УТИНА». 08.40 БЕЙКУНҒ. 10.30 ҚАЙМАҚ. 11.00 «ЛУЧШИЙ ДРУГ МОЕГО МУЖА», Х/ф. 13.20 «ХРУСТАЛЬНЫЕ ВЕРШИНЫ», Х/ф. 17.00, 02.00 ӘГУТАЙ. 18.15 «ВТОРАЯ ЖИЗНЬ ФЕДОРА СТРОГОВА» Х/ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ПУАНТЫ ДЛЯ ПЛЮШКИ» Х/ф. 00.20 «ДО РАССВЕТА» Х/ф.

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.
Кейбір ғалымдардың бастары толы ми, ми толы ақыл. Өткен, сол ақылды айта алар тіл жоқ.
Фабит МҮСІРЕПОВ.



ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБА

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ЖАСТАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК

Елімізде өңірлік кадр резервтеріне іріктеу басталды. Өңірлік кадр резервінің басты мақсаты – талантты жастар арасынан жаңаша ойлайтын көшбасшылар, жас басқарушылардың тобын қалыптастыру. Іріктеуге жоғары білімі және кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар 35 жасстан аспаған Қазақстан азаматтары қатыса алады. Өңірлік резервке іріктеуге Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, бұған дейін Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар қатыса алмайды.



Өңірлік комиссиялар облыстардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды және мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың басымдықтарын ескере отырып, резервке алынатын кандидаттардың санын, салалық бағыттарды айқындайды. Іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады және биылғы жылдың 1 наурызынан маусым айының соңына дейін жалғасады.

Іріктеу маусым айының аяғында қорытындыланады. Оған дейін бір ай бойы өтініш беріледі. Одан кейін заңдар бойынша

тест тапсырады. Соңында комиссия әр өңірден 15 азаматты қабылдайды. Олар екі жыл резервте тұрады, – деді сарапшы Әнуар Тоқпанов.

Екі жылдың ішінде олар сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына заңнамада белгіленген тәртіппен тағайындалуы мүмкін.

Іріктеуге қатысу үшін наурыздың аяғына дейін onir.pkrezerv.gov.kz онлайн-платформасында тіркелу қажет. Кандидаттар онлайн-платформада тіркеліп, құжаттарды тапсырғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде, бірақ хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдаудың соңғы күнінен көшірмей құжаттарды жүктеуі тиіс.

«Жеке деректер» бөлімінде байланыс деректерін көрсете отырып, үміткерлер өңірін және салалық бағытты таңдауы қажет. Екі және одан да көп өңірлік резервті немесе салалық бағыттарды таңдауға, сондай-ақ оларды қайта таңдауға болмайды.

«Soltüstik Qazaqstan».

БІРІНШІ ЖҰМЫС ОРНЫ - ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Жастар - елдің болашағы, оның кейінгі дамуы олардың қызметінің бастапқы шарттарына байланысты. Жастар еңбек нарығындағы ерекше осал топтардың бірі болып табылады.



Бірінші жұмыс орны жас маманның кәсіби білімі мен дағдыларын, бірінші жұмыс орнында ұжымда жұмыс істей білуін қалыптастырады.

Жастар ресурстық орталығы оқушы жастар арасында «Жасыл ел», «Жастар практикасы», «Бірінші жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» атты жастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысу туралы консультациялық және ақпараттық жұмыс жүргізуде. Жастар ресурстық орталығының директоры жастармен кездесулерінің, сондай-ақ Мағжан Жұмабаев ауданының оқу орындары мен мектептеріне барудың бекітілген кестесін

іске асыру шеңберінде 29-шы ақпанда Советское ауылында ақпараттық жұмыс жүргізді. Жалпы іс-шара барысында оқушы жастар қатарынан 49 адам қамтылды. Бейне материалдар көрсетілді, сондай-ақ мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысу туралы түсініктемелер берілді. Бұл бағыттағы жұмыстар жастарды одан әрі табысты және ұзақ мерзімді жұмысқа орналастыру мақсатында жүзеге асырылады. Кездесулер, әсіресе, ауылдық жерлерде жастардың жұмыссыздық мәселесін шешу үшін тұрақты негізде өткізіледі.

Жастар ресурстық орталығы.

«ҚАЗГИДРОМЕТ» ХАБАРЛАЙДЫ

«ҚАЗГИДРОМЕТ» СУ ТАСҚЫНЫ ҚАУПІ ЖОҒАРЫ ӨҢІРЛЕРДІ АТАДЫ

«Қазгидромет» РМК 2024 жылғы су тасқыны бойынша негізгі болжамдарын жариялады.

Қазақстанның жазық өзендеріндегі көктемгі су тасқыны ағынының күтілетін көлемі гидрометеорологиялық бақылаулар мен өлшеу деректеріне сәйкес жасалды.

«Қазгидромет» РМК еңдеген «NASA» спутниктерінің Жерді қашықтан зондау суреттері бойынша 2024 жылғы 1 наурыздағы жағдайға сәйкес, Қазақстанның 72% аумағында қар жабыны бар. Жауын-шашын мөлшерін, қардағы су қорын, топырақтың күзгі ылғалдығы көрсеткіштерін, топырақтың қату тереңдігін, сондай-ақ өзендердің мұз

режимдерін талдай отырып, су тасқыны қауіпті аймақтарға алдын-ала баға берілді, – деп жазылған «Қазгидромет» РМК хабарламасында.

Осылайша, су тасқыны қаупі жоғары өңірлер ретінде Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Жетісу облыстары аталды. Орта қауіпті өңірлер – Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Түркістан және Ұлытау облыстары болса, Маңғыстау облысында су тасқыны қаупі жоқ. Қазіргі уақытта қар жиналу процесі жалғасын жатыр.

Аманжол НҰРТАЗИН.

ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ АУДАНЫНЫҢ МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ

Кәсіптік оқыту



Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның мансаптық орталығы жұмыссыздар арасынан жұмыс берушінің өтінімдері бойынша оқуға қабылдауды жүргізеді.

Оқыту келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі: тігінші, тракторшы, бухгалтер, электрші, аспазшы. Оқыту 3 айдан аспайды. Оқудан өтіп жатқан жұмыссыздар оқу ақысын төлеу, шөкіртақы, тұру, жол жүру және медициналық тексеру бойынша мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз

етіледі.

Өтінім беру және қызықтыратын сұрақтар бойынша Бұлаев қаласы, Мир көшесі, 8 А, 13 кабинет мекен жайы бойынша мансап орталығына жүгінуге немесе 2-81-54 телефоны бойынша хабарласуға болады.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК

«Ардос-Жүрек» мүгедектердің бірлестігі заңды тұлғалардың бірлестігі 2023 жылғы наурыз айынан бастап «СҚО әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» КММ қолдаумен «Теп Қосам» әлеуметтік бейімделу орталығы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысын жүзеге асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер» жобасын жүзеге асырады.

Орталықтың көрсетілетін қызметтері: КЕҢЕС БЕРУ: құқықтық, психологиялық, әлеуметтік сұрақтар бойынша, жұмысқа орналастыру;

КӨМЕК: мемлекеттік қызметтер ресімдеуде, әлеуметтік қызметтер порталындағы жұмысында, ЭЦҚ алу



кезінде;

ОҚЫТУ: әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларына, жеке өсуіне, өз бизнесін ашуға және жүргізуге.

Байланыс ақпарат: 87053201083, 87006673291 Cілтеме: <https://chat.whatsapp.com/FccDku42wrfHnN49jn9pf>.

ВОЛОНТЕРЛІК ЖОБА

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ВОЛОНТЕРЛІК ЖОБАСЫ»



Біз жемқорлыққа қарсымыз!!!

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасы бойынша бүкіл ел бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасы іске асырылуда.

Жобаның мақсаты – қоғамда сыбай-

лас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру, сондай-ақ келесі бағыттарды (іс-шараларды) іске асыру арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау болып табылады: қоғамдық бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеулер және білім беру. Pro bono волонтерлік (кәсіби көмек көрсету) және корпоративтік волонтерлік.

Осы орайда жоба волонтері, заңгер – Кинцель Евгений Юрьевич халыққа тегін заңгерлік консультациялар өткізеді.

Консультациялар кестесі: күн сайын (дүйсенбіден жұмаға дейін) сағат 10:00-ден 11:00-ге дейін 8-705-518-25-76 телефон нөмірі бойынша.

Директор - бас редактор Неллі ГОНЧАР	Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспадан индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz	Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	«Magjan juldzy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Коммунал қ-сі, 5 үй). Тарапымы - 780	Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудің ресми баспа болып табылады
---	--	---	---	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдастар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің міншілігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады